

## 1-МОДУЛЬ. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ӨРКЕНИЕТТІҢ БАСТАЛУЫ

**1. 1 тақырып. Қазақстанның ежелгі заман тарихы курсының мақсаты мен міндеттері, кезеңдері және тарихи маңызы.**

**2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері:** Қазақстанның ежелгі дүние тарихы туралы мәлімет беріп, оны кезеңдерге бөліп қарастыру және ерекшеліктерін атап өту. Ежелгі Қазақстан аумағындағы өркениеттің даму тарихын қарастыру.

**3. Лекция мазмұны.** «Тарих» - (араб сөзі-«зерттеу, оқиғалар жөнінде әңгіме») адамзаттың басынан өткен заманалар туралы шежіре шертеді. Тарихты білу алдымен өскен өлкенді, еліңді оқып – уйренуден басталады. Қазақстан тарихы дүниежүзілік тарихтың құрамдас бөлімі болып саналатындықтан, еліміздің өткенін білуді жалпы азаматтық даму тұрғысынан қарастырамыз.

Адамзат тарихы бірнеше қоғамдық құрылыс сатысынан өткен: Алғашқы қауымдық құрылыс, Құл иеленушілік құрылыс, Феодалдық құрылыс, Капиталистік құрылыс, Социалистік құрылыс. Бүгінгі қазақ халқы өзінің өсіп - өнуін алғашқы қауымдық құрылыстағы ру–тайпалардан бостандығын ешбір жоққа шығаруға болмайды. Археологиялық деректер негізінде дәуірлерді сипаттайтын мәдениеттер арқылы өзіндік мерзімдер жасалған. Осы мерзімдеу бойынша адамзат тарихы тас, қола, темір және орта ғасыр дәуірлеріне бөлінеді. Ол еңбек құралдарының мен оны жасаудың дамуымен дәйектеледі.

Халқымыздың тарихи кезеңдерін, оның көне және орта ғасырлардағы тарихын білу үшін көп жағдайда археологиялық зерттеулер қажет. Археологиялық зерттеулер дегеніміз не? Ол қандай ғылым? Археология гректің екі сөзінен құралған, archaios-ескі, logos-ғылым, яғни көне ғылым. Археология - тарих ғылымының көне дәуірлерін, оның ескерткіштерін зерттейтін басты бір саласы. Ол қандай ескерткіштер: алғашқы адамдардың тастан құрал-сайман жасайтын жерлері немесе олар тұрған үңгірлер, қоныстар, зираттар, орта ғасыр дәуіріндегі қыстақ-кенттер, қалалар, қорғандар, қыстаулар, т.б. Адамдардың тіршілік әрекетінен қалған қалдықтарды археологиялық ескерткіштер деп атайды. Оларды зерттейтін ғалымдарды археологтар, қазақша айтсақ, көне дәуірдің мамандары дейді. Тарихшылар сол археологиялық деректерді пайдаланып, жерімізде өмір сүрген алғашқы қауымның өмір тіршілігінің тарихын жазады. Адамзаттың даму эволюциясын зерттейтін ғылым - антропология деп аталады.

**Қазақстанның ежелгі тарихы курсының мақсаты, міндеттері.** Ежелгі кезең тарихының кезеңдері және тарихи маңызы. Ежелгі адамның Қазақстан аумағындағы өркениеттің бастауы болған ежелгі адамның қалыптасуы. Сонымен қатар, археология, антропология, эпиграфия, нумизматика, сфрагистика, геральдика, полиграфика, тесталогия, дипломатика, хронология, метрология,

тарихи география, генология тағы басқа ғылым салалары қосалқы тарихи пәндермен байланысты ара қатынасы атап көрсетіледі.

**Қазақстанның ежелгі дүние тарихының тарихнамасы мен дерек көздері.** Тарихи деректер-тарих деректану ғылымының тікелей зеттеу объектісі Деректану – тарихи деректер туралы ғылым. Оның негізгі міндет-қатынасын зерттеу. Қазақстанның. Археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер орта ғасырларда ғалымдар мен тарихшылар географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. Олар өз еңбектерінде өздері тікелей көздерімен көрген немесе өздерінің айтуы бойынша мәлім болған әдеттен тыс заттар бейнелер өз замандарынан бұрын болған қалалармен қоныстардың жұрттарын оқиғаларды айтып кеткен. Мысалы, ғалымдар М.Ушаков, П.С. Паллас И.П. Фалк, И.Г.Георгий , П.И. Рычков, В.В. Радлов, В.В. Бартольд, Х.А. Алпысбаев, М.Қ Қадырбаев, С.М Ақынжанов, К.Ақышев және тағы басқаларының ғылыми жұмыстарына тоқталу.

Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық құрылыс Алғашқы қауымдық құрылыстың археологиялық кезеңдері тас қола темір ғасырлары. Тас ғасыры: палеолит, мезолит, неолит. Ежелгі палеолит - адамзаттың және оның шаруашылығының қалыптасу кезеңі. Алғашқы адамдар арасындағы қоғамдық қатынастардың дамуының кезеңдері. Алғашқы адамдар тобыры, рулық қауым көршілес қауым. Б.з.б 1 млн жылдары Қазақстанның климаты жылы болып субтропиктік ормандарда әртүрлі жануарлар мекендеген. Қазба жұмыстары нәтижесінде Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау жотасынан тас еңбек құралдары табылып, мұнда алғашқы қауымдық адам б.з.б 1 млн жыл бұрын тіршілік еткен деп тұжырым жасалып жүр. Алғашқы тобыр - бірлесіп қорғану аң аулау және терімшілікпен айналысқан. Палеолиттік археологиялық ескерткіштер. Мезолит. Садақ пен жебенің пайда болуы. Мезолиттік тұрақтар. Неолит кезеңі. Неолиттік тұрақтар. Тас ғасыры кезеңдері және археологиялық ескерткіштері Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық құрылыс тас, қола, темір ғасырларына бөлінеді.

Тас ғасыры: палеолит (ежелгі тас ғасыры), мезолит (орта тас ғасыры), неолит-жаңа тас ғасыры археологиялық кезеңдерінде тұрады. Палеолиттік археологиялық ескерткіштер. Мезолит. Садақ пен жебенің пайда болуы. Мезолиттік тұрақтар. Неолит кезеңі. Неолиттік төңкеріс. Неолиттік тұрақтары. Алғашқы адамдар дамуының кезеңдері алғашқы адамдар тобыры, рулық қауым, көршілес қауым. Алғашқы адамның пайда болуы және еңбек құралдарының жасалуы. Аңшылық және терімшілік пен күн көруі. Отты пайдалану. Адамның дамуы эволюциясының жетілуі. Өндірістік қатынастардың дамуы. Ру мүшелері арасындағы туыстық қатынастардың қалыптасуы. Ортақ меншік пен тең бөліске негізделу. Мал шаруашылығы, жер өңдеу, металдары игеру, шағын отбасыларға бөліну. Ірі тайпалардың қалыптасуы, тайпалық одақтарға бірігу.

Қазақстан қола дәуірінде Қола дәуіріне жалпы сипаттама қолынын ерекшеліктері. Қола - мыс пен калайын қосындысы. Қола дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы ескерткіштер. Андронов мәдениетінің тарихнамасы. Кен ісі.

Металлургия, егіншілік пен мал шаруашылығының ара қатынасы. Орталық Қазақстанның Беғазы-Дәндібай қола дәуірінің мәдениеті. Бақташылық мал шаруашылығының көшпелі мал шаруашылығына өту. Егіншіліктің ошақтары және оның сипаттамасы. Патриархальдық отбасылық қауым. Қола дәуіріндегі Қазақстандағы материалдық мәдениет және оның ерекше белгілері. Өнері және діни-нанымдары. Қоныстар мен тұрғын үйлер. Үй кәсібі. Қола дәуіріне тән ескерткіштері: андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттері Андронов мәдениетінің Қазақстандағы ошағы. Андронов мәдениетінің кезендері мәселесінің тарихнамасы. Ашынас қаласы маңынан табылған археологиялық ескерткіштер туралы. Қазақстан аумағындағы андронов мәдениетінің ескерткіштерінің зерттелуі. Қола дәуірінің кезендері: ерте қола, орта қола, соңғы қола кезендері. Соңғы қола кезеңіндегі Орталық Қазақстаннан табылған жаңа мәдениет Беғазы Дәндібай мәдениеті Қола дәуіріндегі қазақстан аумағындағы материалдық мәдениет және оның белгілері өнері және діни нанымдары Қола дәуіріндегі шаруашылықтар. Кен ісі. Metallургия. Егіншілік пен мал шаруашылығының ара қатынасы. Бақташылық мал шаруашылығынан көшпелі мал шаруашылығына өту. Егіншіліктің ошақтары және олардың сипаттамасы. Патриархаттық отбасылық қауым. Қола дәуіріндегі Қазақстандағы материалдық мәдениет және оның ерекше белгілері. Өнері және діни- нанымдары. Қоныстар мен тұрғын үйлер. Үй кәсібі.

Ертедегі темір дәуіріндегі тайпалық одақтар және ерте мемлекеттік құрылымдар Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан. Темір дәуіріне сипаттама. Біздің еліміздің тарихында темір дәуірі 2 кезеңге бөлінеді. Ерте темір дәуірі кейінгі темір дәуірі. Ерте темір дәуіріндегі тайпалар тіршілігі. Ерте темір дәуіріндегі өндіргіш күштердің дамуымен өндірістік қатынастардың дамуы. Ерте темір дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы археологиялық ескерткіштері. Жетісу сақтарының ескерткіштері. Бесшатыр қорғаны. Есік қорғаны. Оңтүстік Қазақстандағы археологиялық ескерткіштер. Түгіскен Ұйғарақ қорымдары Шығыс Қазақстан ескерткіштері. Шілікті, Берел қорымдары. Орталық Қазақстандағы ескерткіштер. Тасмола, Қарамұрын обалары және тағы басқа археологиялық ескерткіштер.

Ерте темір дәуірінің ерекшеліктері. Ертедегі көшпенділер дәуірінің (б.з.б 1 мың жылдық) кезендері Қазақстан аумағындағы тайпа және тайпалық одақтардың қоныстануы туралы жазба дерек мәліметтер: антикалық (грек рим) авторлары еңбектері ежелгі Иран патшалары қалдырған Ахеменид жазбалары. Сақтар (скифтер), массагеттер, дақтар (дайлар), аримаспылар. Сарматтар бірлестігінің этногенезі туралы мәселенің тарихнамасы. Қазақстан жеріндегі тайпа алғашқы қауымдық қоғамдағы этникалық қауымдасу типі мен әлеуметтік ұйымдастырудың негізгі түрі. Мүлік теңсіздігі. Ертедегі көшпенділердің діни нанымдары қолданбалы өнері зергерлік бұйымдар жасау шаруашылығы. Аң стилі. Сақтар (скифтер), массагеттер, дақтар (дайлар), исседондар, аримаспылар. Сақ тайпалық одағы-алғашқы қауымдық қоғамның бірлігінің әлеуметтік

ұйымдастыру формасы. Сақтар тайпалық одақтары :массагеттер , дайлар, аримаспылар, аргиппейлер және т.б. Сарматтар бірлестігінің этногенезі туралы мәселенің тарихнамасы. Сақ тайпаларының қоныстары шаруашылығы тұрмысы және әлеуметтік құрылысы. Сақ тайпаларының негізі 3 тобы: тиграхауда сақтары, парадарайа сақтары ,хаомаварга сақтары. Сақ қоғамының сипаты: әскери демократиялық. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы. Қолөнер және зергерлік бұйымдар жасау . Сақтардың мәдениеті ,діні мен өнері. Сақтардың көрші мемлекеттермен қарым қатынасы (Иран, Қытай ,Рим, Греция, Персия). Сақтардың 1 Дарий ,Кир әскерлерімен және Александр Македонскийдің басқыншылық жорықтарына қарсы күресі. Сақтардың археологиялық ескерткіштері.Сақтар ,скифтер:«алтын адам». Қазақстанның Жетісу жерінен табылған Есік обасы. Есік обасына сипаттама. Сақтар, скифтер: « Алтын адам». Андық стиль. Күміс тостаған мен акинак. Сақ дәуіріндегі көне түрік жазуы. Сақтар, скифтер мәдениеті,діні мен өнері. Сақ- скиф мәдениетінің дүние жүзілік маңызы Сақ тайпалар одағының материалдық және рухани мәдениеті дамуында, атап айтқанда жерлеу рәсімінде, скиф- сібірлік аң стилі деп аталған өнерінде, тастағы таңбаларда діни- наным түсініктерінде жергілікті табиғи және әлеуметтік экономикалық жағдайларға және этно- мәдени алмасуларға байланысты кейбір аймақтық ерекшеліктері. Бізін заманымызға дейін XII мың жылдықтан бастап III мың жылдық арасында Еуразияның Ұлы Даласы қазіргі қалпын табиғи бітімін қалыптастырып үлгерді. Сол даланың төсіндегі адамдарда бұрынғыдай табиғаттың дайын азығын тұтынудан гөрі қолға мал ұстап, жерге дән сіңіріп ,тау кен жұмыстарына бейімделіп, орман арасында,40- 50 ендікті дендей қамтып жатқан енді ен далада этностардың пайда бола бастаған кезі осы. Көшпенділердің пайда болып даму сатысының өрлеген кезі. Олар жылқыны қолға үйретіп, дөңгелекті ойлап тауып, мәдениеті жоғары дами түсті. Соның ішіндегі номадизм мәдениетінің дамуы ерекше.

Қазақстан аумағындағы ғұндар, этникалық тегі, саяси тегі ,саяси тарихы, шаруашылығы, қоғамдық құрлысы. Қазақстан аумағындағы ғұндар. Қазақ халқының этносоциогенезіндегі ғұндардың алатын орны. Қытай жазбаларындағы ғұндардың этникалық тегі туралы мәселенің тарихнамасы.Қазақстан аумағындағы ғұндардың саяси тарихы шаруашылығы қоғамдық құрлысы ғұн билеушісі б.з.б.Мөде шаньюй. Ғұндардың күшеюі. Ғұндардың көреген қолбасшысы аты аңызға айналған ақыл иесі, әккі саясаткер, айлакер дипломат Атилла (Еділ батыр). Шоқан Уалиханов Аттила туралы. Ғұн қоғамы- патриархалдық -рулық қатынастар.

Қаңлылардың қоныстану аймағы, әскери саяси құрлымы,шаруашылығы, археологиялық ескерткіштер.Үйсін тайпалар одағының территориясы. Қытай жазбаларындағы (Сыма Цянь мен Бан Гудың ) үйсіндердің қоныстану аймағындағы мемлекеті, әскери саяси ұйымдасуы. Ежелгі үйсіндердің әлеуметтік-экономикалық қатынастары, мал шаруашылығы, егіншілік және үй шаруашылығы. Үйсіндердің шаруашылығы, материалдық рухани мәдениеті

және археологиялық ескерткіштері. Қаңлылардың қоныстану аймағы, әлеуметтік экономикалық тарихы. Әскери саяси ұйымдасуы. Қаңлы тайпалар одағы, мемлекет құрамы мен құрлысы, мемлекеттік басқару жүйесі. Қаңлылардың қоныстану аймағы, әлеуметтік экономикалық тарихы, әскери саяси ұйымдасуы. Қаңлы тілі мен жазуы. Ғұндар үйсіндер қаңлылардың, яғни орталық азиядағы көшпенділер және отырықшы өркениеттің қарым қатынастары мен материалдық рухани мәдениеттері. Ғұндар үйсіндер қаңлылардың, яғни Орталық Азиядағы көшпенділер және отырықшы өркениеттің қарым қатынастарының мәдениеттері, діни сенімдері, бейнелеу өнері.

«Ұлы Жібек жолы». Ұлы Жібек жолының Қазақстанның тарихи географиялық және қалалық мәдениеттің дамуына ықпал. Ұлы Жібек жолы (б.з.б.103 -1424жж.) Ұлы Жібек жолының Қазақстанның тарихи-географиялық және қалалық мәдениеттің дамуына ықпал. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы. Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтары.

**4. Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

**5. Лекцияның оқыту тәртібі, әдістері мен түрлері:** кіріспе лекция, проблемалық оқыту технологиясы.

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі:**

**1-деңгейдің сұрақтары:**

1. Ежелгі Қазақстан тарихы бойынша археологиялық деректер.
2. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының бірінші жетекшісі.
3. Ғалым-археолог А.Н. Бернштам және Е.И. Агееваның басшылығымен қай өңірде археологиялық экспедиция жүргізілді ?

**2-деңгейдің сұрақтары:**

1. Ежелгі Қазақстан тарихы бойынша жазбаша және ауызша деректер.
2. Бехустин жазбасында қандай ақпарат берілген?
3. Зораастризм дінімен байланысты тарихи деректі атаңыз.

**3-деңгейдің сұрақтары:**

1. С Геродоттың «Тарих» атты еңбегінің қай кітабында Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар туралы айтылған?
2. Антика заманының географы Старбонның ежелгі Қазақстанның географиясына қатысты теріс ойлары қандай?
3. Ежелгі Қазақстан тарихы бойынша қытай деректерін орыс тіліне аударған кім?

**7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері:** Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы әдебиетті зерттеу, археологиялық кезеңдерді анықтау, яғни тас, қола және темір дәуіріне жататын ескерткіштерді анықтау қажет.

## **8. Пайдаланылатын әдебиеттер:**

### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық, 1 том. Алматы, 1996.
2. Алпысбаев Х.А. Неолитическая стоянка в пещере Караунгур. // Изв. АН Каз ССР. Сер. обществ., 1969, №2, С. 85-87.
3. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. Учебное пособие для студентов исторических факультетов вузов. – Алматы, 1993., 362 с.
4. Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К. Комплексы палеолитической стоянки Шульбинка из верхнего Прииртышья. – Алматы, 2000, – 167 с.
5. Сыздыкова А.М. Ертістің Павлодар өңіріндегі археологиялық ескерткіштер. – Павлодар, – 27 б.
- 6.Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.
7. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ
2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

### **WEB-сайттар тізімі:**

1. <http://e-history.kz/kz>
2. [https://vk.com/history\\_qaz](https://vk.com/history_qaz)